

Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 239 қаулысы. Қостанай облысының Әділет басқармасында 2014 жылғы 7 қазанда № 5108 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 20 сәуірдегі № 116 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 20.04.2015 № 116 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына және "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 "Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Қарасу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидалары **б е к і т і л с і н .**

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Шәмшиев

Қ а р а с у а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
2 0 1 4 ж ы л ғ ы 1 8 қ ы р к ү й е к т е г і
№ 239 қаулысымен бекітілген

Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидалары

Аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қор объектілерінің 1 шаршы метрін пайдалану үшін жылдық жалдау ақысының базалық мөлшерлемесі 1 айлық есептік көрсеткішті құрайды.

1. Мемлекеттік тұрғын емес қор объектісін мүліктік жалдауға (жалға алуға) арналған жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формула бойынша

есептеледі:

$$Жа = Бм * K_1 * K_2 * S, \text{ мұндағы:}$$

Жа – мемлекеттік тұрғын емес қор объектісін жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

Бм - базалық мөлшерлеме;

K_1 - объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент;

K_2 - құрылыстың түрін есепке алатын коэффициент;

S - жалдауға алынған үй-жайдың ауданы (шаршы метр).

Объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент:

Аумақтық аймақ	K_1
Қарасу ауданы	1,6

Құрылыс түрін есепке алатын коэффициент:

Құрылыс түрі	K_2
Жеке тұрған	1
Қосымша салынған	1
Жартылай жертөле	0,85
Жертөле	0,70
Қоймалық	0,60

2. Құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа да пайдаланылмайтын заттарды мүліктік жалдау (жалға алу) үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формула бойынша анықталады:

$$Жн = АТ + (БҚ * ҚМ), \text{ мұндағы:}$$

Жн - құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа да пайдаланылмайтын заттардың жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

АТ – 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 120-бабымен анықталған амортизацияның шектелген нормаларына сәйкес амортизациялық төлемдердің сомасы;

БҚ - баланстық құны;

ҚМ - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесі.

3. Жұмыс уақытын толық пайдаланбайтын (сағаттар бойынша) объектіні жалдау (жалға алу) үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формулалар бойынша есептеледі:

аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қор үшін:

$$Ж = S * Бм * K_1 * K_2 / ЖУ * N, \text{ мұндағы:}$$

Ж - жұмыс уақытын толық пайдаланбайтын объектінің жылдық жалдау

а қы с ы н ы ң м ө л ш е р л е м е с і ;
 S - ауданы (шаршы метр);
 B_m - базалық мөлшерлеме;
 K_1 - объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент;
 K_2 - құрылыстың түрін есепке алатын коэффициент;
 $ЖУ$ – жылдық жұмыс уақытының балансы;
 N - жылдық сағат саны.

құрал-жабдықтар, автокөлік құралдары және басқа да пайдаланылмайтын
з а т т а р ү ш і н :

$$Ж = (Ж_n / ЖУ) * N \quad \text{м ұ н д а ғы :}$$

$Ж$ – құрал-жабдықтар, автокөлік құралдары және басқа да пайдаланылмайтын
заттардың жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

$Ж_n$ – құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа да
пайдаланылмайтын заттарды жалдау (жалға алу) үшін жылдық жалдау ақысы;

$ЖУ$ - жылдық жұмыс уақытының балансы;

N - жылдық сағат саны.